

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

«Бекітемін»
Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі – проректор
Д.М.Абдрашева
«17» 06 2026 ж.

D003-«Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау» білім беру
бағдарламасы тобы бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызылорда, 2026ж.

Құрастырушылар: п.ғ.д., профессор Майгельдиева Ш.М., п.ғ.к., профессор Жайлауова М.К., PhD доктор Бекжанова Б.Ж.

Бағдарлама «Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі» БББ мәжілісінде талқыланып, ұсынылды.

№7 хаттама, «5» 03. 2026 ж

БББ жетекшісі:



Б.Ж.Бекжанова

Бағдарлама Сапа комитетінің кеңесінде қаралды

№7 хаттама, «27» 03. 2026 ж.

Кеңес төрағасы



Н.Б. Мирманов

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын» және «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі сәйкес жасалды.

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі блоктардан тұрады және бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласымен жүргізіледі:

Емтихан бөлімі	Балы
ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	30
Эссе	20
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы/ өту баллы	100/75

Докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде:

әңгімелесуге – 20 минут;

эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Докторантураға түсушілер үшін әңгімелесуді «Эссе жазу», және «Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының арнайы құрылған комиссиясы онлайн форматта дербес жүргізеді.

Әңгімелесу өткізу регламенттері:

- ✓ Әңгімелесудің бейнежазбасы қатаң талап етіледі. Бейнежазба мұрағатта кемінде үш жыл сақталады;
- ✓ Әңгімелесу ұзақтығы бір үміткерге 20 минутты құрайды (әңгімелесуге 15 минут және бағалауға 5 минут);
- ✓ Білім бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарын және эссе жазуға - 190 минут (3 сағат 10 минут).
- ✓ Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді;
- ✓ Әңгімелесу нәтижесі жеке кабинетте «жіберу»/«жібермеу»

форматында көрсетіледі.

✓ Түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда әңгімелесу күнін кейінге қалдыруға жол берілмейді, 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды және докторантураға қабылдау емтиханының келесі блогына жіберілмейді;

✓ Әңгімелесуден өтпеген түсуші мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін конкурсқа жіберілмейді және университетке ақылы негізде қабылданбайды.

Әңгімелесуді бағалау критерийлері

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу потенциалын бағалауға бағытталған.

№	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
1.	Мотивация	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру.	5
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру.	10
3.	Креативті ойлау	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері.	10
4.	Коммуникативті	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру.	5
Ең көп ұпай саны			30

Эссені бағалаудың түрлері мен критерийлері

Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Мотивациялық	Ғылыми-зерттеу қызметіне ынталандырушы уәждер туралы түсушінің дәлелдері (research statement)	Кем дегенде 250 сөз
Ғылыми-аналитикалық	Оқуға түсушілерге болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

Эссені бағалау критерийлері

Критерии	Дескрипторылар	Балл
Тақырыпты аша білу	Мәселе теориялық деңгейде ашылды, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі көздерден алынған ақпарат қолданылды	4
	Мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	4
Негіздеу, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті.	4
Композициялық тұтастығы және жеткізу логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытындылар мен жалпылаудың болуы	4
Сөйлеу мәдениеті	академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (сөздік, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғары балл		20

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан құрылымы мен мазмұны

Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блоктар	Сұрақтар сипаты	Балл
1-ші сұрақ	теориялық – теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-ші сұрақ	практикалық – функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін ашады (пәндік салада әдістерді, технологияларды және әдістемелерді қолдана білу	20
3-ші сұрақ	зерттелетін пән саласын жүйелі түсінуді, зерттеу әдістемесі (жүйелік құзыреттіліктер) саласындағы арнайы білімді ашады.	20
Ең жоғары балл		50

Электрондық емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критерийлері:

Сұрақ	Бағалау критерийлері	Балл
1-ші сұрақ	зерттелетін пәндік саланың негізгі процестерін білуді көрсетеді; мәселенің ашылу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша өз ойын логикалық және дәйекті түрде білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Қорытынды	10
2-ші сұрақ	пәндік саладағы мәселелерді шешудің әдістерін, тәсілдерін, технологияларын қолданады	7
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар мен жалпылаулар жасайды	7
	түрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды	6
	Қорытынды	20
3-ші сұрақ	теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми	7

	тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі заманғы тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдістемелік тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдауда себептік байланыстарды ашады	6
	Қорытынды	20
Ең жоғары балл		50 балл

**8D01303-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ-сы бойынша
докторантураға түсушілерге арналған емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛҒЫСӨЗ

8D01303 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ-сы бойынша докторантураға түсу сынақтары конкурстық іріктеу жағдайында өткізіледі және білім берудің мемлекеттік стандарты мен докторантураға қабылдаудың типтік ережелері негізінде Қорқыт Ата атындағы университетінде анықталады.

Докторантурада білім алуды жалғастыру үшін академиялық дәрежесі көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура) алғаны туралы диплом міндетті талап болып табылады.

Қабылдау емтихандарының **мақсаты:** магистратурада оқуды аяқтағаннан кейін оқуға түсушілер қол жеткізген құзыреттілік, білім, білік және дағды деңгейін, сондай-ақ үшінші сатыда нақты пәндерді және жалпы докторлық бағдарламаны меңгеру мүмкіндіктерін анықтау.

Қабылдау емтиханының **міндеттері:**

- білім беру саласының өзекті мәселелері бойынша құзыреттілік деңгейін анықтау;
- оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны әлеуметтендіру, оның ішінде жоғары білім беру теорияларының іргелі ұғымдары мен принциптері туралы білім мен оқу жетістіктерін анықтау;
- бастауыш білім берудің қазіргі мәселелерін талдау;
- тұлғаның даму психологиясы бойынша білім мен құзыреттілік деңгейін анықтау;
- психологиялық-педагогикалық іс-әрекет әдістерін меңгеру деңгейін анықтау;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау және т.б. біліктерінің деңгейін анықтау.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕМТИХАН бағдарламасының мазмұны
ПЕДАГОГИКА ПӘНІ
Түсініктеме**

Педагогика пәнінің **мақсаты:**

- ЖОО-дағы тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында педагогикалық пәндерді оқытудың теориялық және негізгі практикалық әдістерімен қаруландыру;
- жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесін жетілдіру міндеттерін түсіну;
- қоғамдағы мұғалімнің кәсіптік рөлін түсіну және өз әрекетінің объектісі ретінде тұтас педагогикалық үдерісті көре білуді қалыптастыру;
- оқу-тәрбие міндеттерін анықтай білу, қажетті мазмұн мен әрекет түрлерін, жұмыс формалары мен әдістерін таңдай білу;

- теориялық білімдерді мұғалім әрекетінің теориялық-қолданбалы тарихи-педагогикалық, психологиялық және әдістемелік аспектілерін негіздеу үшін белсенді түрде пайдалану;
- педагогикалық жағдаяттарды талдаудың әдіснамасы мен теориясын меңгеру;
- педагогика тарихындағы педагогикалық ой-пікірдің дамуын бағалай білу.

Курс мазмұны

Білім беру қоғамдық құбылыс және педагогикалық феномен ретінде. Білім беру құндылық ретінде. Білім – әлеуметтік тәжірибені беру нәтижесі ретінде: сауаттылық – білімділік – біліктілік – мәдениет-менталитет. Қазіргі білім берудің педагогикалық тұжырымдамасы. Жоғары мектепте педагогика пәнін оқыту тарихы. Әдіснама, әдістеме туралы жалпы ұғым. Ғылым мен оқыту пәні, олардың өзара байланысы мен ерекшелігі. Педагогикалық пәндердің өзара байланысы мен өзара шарттастығы.

Қазіргі педагогиканың негізгі әдіснамалық негіздері. Философиялық заңдар мен заңдылықтар. Құбылыстардың өзара байланысы диалектикасы: жүйелік-құрылымдық және тұлғалық-әрекетті қатынас. Таным теориясы. Тұлға теориясы. Әрекет теориясы. Басқару теориясы. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы. Педагогикалық теория мен практиканың өзара әрекетінің диалектикасы.

Тұлға жайлы ұғым. Тұлға дамуындағы негізгі факторлар: тұқым қуалаушылық, орта, тәрбие. Тұлға тәрбие мақсаты ретінде. Балалардың жас және жеке дара ерекшеліктері. Мұғалімнің кәсіптік әрекеті мен педагогика ғылымының дамуындағы ғылыми зерттеудің рөлі. "Ұлы адам" теориясы. Сызаттар теориясы немесе жеке қасиеттер тұрғысынан көзқарас (авторы – Р.Стогдил). Тұлғалық қасиеттер теориясын талдау. Кейіпкерлер теориясы (Т. Карлайл, Е.Е.Дженнингс, Дж.Дауд және т.б.). Әл-Фараби тұжырымдамасының үлгісі және көшбасшылық.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің мәні (теориялық, эмпирикалық, эксперименттік, статистикалық).

Нақты педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі.

Тәрбиенің мақсаты - педагогикалық үдерістің басты компоненті. Педагогикалық ой-пікірлердің дамуындағы тәрбиенің мақсаты проблемасы. Тәрбие мақсатының қоғамдық тарихи сипаты.

Тәрбие әдістеріне сипаттама, оларды жіктеудегі түрлі қатынастар. Тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері: түсіндіру, әңгіме, сендіру, үлгі-өнеге.

Ұнамды тәжірибе мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру әдістері: үйрету, жаттықтыру, тәрбиелеуші жағдаяттар құру.

Әрекет пен мінез-құлықты ынталандыру әдістері: мадақтау, жазалау, оларды қолданудың педагогикалық шарттары.

Бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері.

Тәрбие әдістерін таңдау педагогикалық шығармашылықтың көрінісі ретінде. Ұжымның мәні. Ұжым тәрбиенің субъектісі мен объектісі ретінде. Педагогикалық үдерістегі ұжымның рөлі жайлы ой-пікірлер. Балалар ұжымын қалыптастыру функциялары, кезеңдері. Ұжымдағы қоғамдық пікірдің рөлі. Балалар ұжымдарының типтері. Оқыту теориясы.

Оқыту үдерісінің мәні. Оқыту-тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі. Оқытудың тәрбиелік мүмкіндіктері. Дидактика-оқыту теориясы. Оқыту процесінің әдіснамалық және психологиялық негіздері. Дидактикалық принциптер. Оқытушы әрекетіндегі дидактикалық міндеттер, оқыту процесінің заңдылықтары. Оқыту формаларының қалыптасуы. Оқыту субъектілерінің өзара жеке әрекетінің дара, шағын топтық, топтық және ұжымдық формалары. Қазіргі жоғарғы мектептегі дәріс сабақтар. Жоғары мектепте оқытуды ұйымдастырудың түрлері, олардың белгілері.

Оқытудың дәстүрлі емес формаларын қолдану педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі ретінде. Сабақтың типологиясы және құрылымы. Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі емес формалары.

Оқыту әдістері жайлы жалпы түсінік. Тұтас педагогикалық үдерістегі оқыту әдістерінің орны. Қазіргі дидактикада оқыту әдістерін классификациялаудағы түрлі қатынастар. Түрлі оқыту әдістерінің сипаттамасы: баяндау, әңгіме, оқулықпен жұмыс, бақылау, лабораториялық және практикалық жұмыс. Дербес пәндер сабақтарының түрлері.

Педагогикалық технология жайлы түсінік. Педагогикалық технологияның негізгі сипаттамалары. Шетелдегі және Қазақстандағы ғалым-педагогтардың педагогикалық ой-пікірлері, көзқарастары. Заманауи педагогикалық тұжырымдамалар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. - Астана, 2007
2. ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016
4. Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. – Нұр-Сұлтан, 2020
5. Қыраубаева А. М. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық : оқу құралы / А.М. Қыраубаева, А.А. Қасымбек, Н.Қ. Мәтбек. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 350 б.
6. Григг Р. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау = Becoming an Outstanding: Primary School Teacher : Оқулық / Ауд.: Ш.Бағиева, Б.Төлімбет. - 2-ші басылым. - Нұр-Сұлтан : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 599, [1] б.
7. Әлқожаева Н. С. Педагогикалық менеджмент : оқу құралы / Н.С. Әлқожаева, Қ.Б. Жұмабекова. - 2-ші басылым. - Алматы : Қазақ университеті, 2018. - 132 б.
8. Набуова Р. А. Бағалаудың өлшемдік технологиялары : Оқу құралы / Р.А. Набуова, А.М. Жубандыкова. - Алматы, 2019. - 260 б.
9. Мынбаева А. К. Основы педагогического мастерства. Курс лекции и тренинги : учебное пособие / А.К. Мынбаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 216 с.
10. Бұлақбаева М.К. Педагогикалық шеберлік негіздері : Оқу құралы. - Алматы: "Отан" баспасы, 2018.- 128 б.
11. Молдасан Қ.Ш., Бектұрғанова Ж.М. Педагогика: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 430 б.
12. Критериялды бағалау технологиясы: Оқу құралы./Б.А.Урмашев- Алматы: «ССК» баспасы, 2016.-140 б.
33. Набуова Р. Тәрбие жұмысының әдістемесі: Оқу құралы. - Алматы, 2015
14. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: - Оқу құралы.- Алматы, 2017.- 144 б.
15. Еркібаева Г.Ғ. Қазіргі білім берудегі педагогикалық технологиялар – Алматы, 2012
16. Штрифанова Е.В., Киселев А.В., Солопова Н.С. Педагогика творческого образования. – Екатеринбург, 2018
17. Тұрғынбаева Б. А. Андрагогика – Алматы, 2011
18. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.-А.,1995
19. Асанов Ж. Қазақстандағы педагогика ғылымы. – Алматы, 2010
20. Шолпанқұлова Г.К., Калкеева К.Р. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 259 б.
21. Мұханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі: Оқулық/ Мұханбетжанова Ә. - Алматы. ЖСШ РПИК, 2011. - 368 с.
22. Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі: / Губайдуллина Г. Н.- Алматы: Дәуір, 2011.- 328 б.

23. Стефановская Т.А. Технология обучения педагогике в вузе. Учебное пособие / Стефановская Т.А. – Москва, 2000. - 279 с.
24. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері : оқулық /. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 360 б.
25. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2016. - 432 б.
26. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 340 б.
27. Мынбаева А.К. Основы научно-педагогических исследований. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 с.
28. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований. - Алматы: Қазақ университеті, 2017.
29. Ковжасарова М.Р. Технологизация учебного процесса: казахстанский опыт - Алматы : Зият-Пресс, 2015. - 224 с.
30. Козыбай А. Новые образовательные технологии - Астана : Фолиант, 2015. - 136 с.
31. Жаңа және ең жаңа педагогикалық технология : оқу құралы / В.К. Дьяченко, Г.М. Кусаинов, Б.Т. Абыканова, Д.К. Садирбекова, Г. Мырзагерейқызы. - Алматы : "Отан" ЖК, 2020. - 186 б .
32. Битэм Э. Переосмысление педагогики для цифровой эпохи. Дизайн обучения XXI века = Rethinking pedagogy for a digital age. Designing for 21ST century learning : Учебник. - 2-е изд. - Нур-Султан: Общественный фонд "Ұлттық аударма бюросы", 2019. - 352 с.
33. Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері. Оқу құралы: Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2015. -392 б.
34. Еркибаева Г.Г. Этнопедагогика. Учебник для вузов.- Алматы: Ғылым, 2010. – 308 с.
35. Сейтенова С. С. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы . Ақтөбе. 2018. - 247 б.
36. Сағалиева Ж.К., Кочкорбаева Э.Ш., Есекешова М.Д., Байжанова З.Т. «Цифровая дидактика в высшей школе. Жоғары мектептегі цифрлық дидактика» (на русском и казахском языках), - Алматы: Бастау, 2021.
37. Шунк Д.Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі: Оқулық = Ауд.: Б.М. Мизамхан.- 7-ші басылым.- Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2019.- 608 б.
38. Абсатова М.А. Қазіргі педагогикалық технологиялар. Современные педагогические технологии: Оқу құралы.- Алматы: Дарын, 2016.- 264 б.
39. Бұзаубақова К.Ж., Тәжібаева С.Ж. «Жаңа әлемнің жаңа мұғалімін даярлауда инновациялық технологияны пайдалану» тренингі : Оқу - әдістемелік құрал.- Тараз, 2018.- 100 б.
40. Дүйсенбаев А. Педагогика. Оқулық: Астана: Фолиант, 2018. - 264 б.
41. Халитова И.Р. Жоғары мектеп педагогикасы.- Алматы, 2012. - 121 б.
42. Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Жоғары мектеп педагогикасы: магистранттарға арналған оқу құралы. – Астана, 2014. - 268 б.

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІ

Түсініктеме

Психология курсы фундаменталды пән болып табылады. Бұл курс негізгі психологиялық пән ретінде психиканың табиғатын терең ғылыми негізде ұғынуға, психикалық процестердің ерекшеліктерін түсінуге тірек болады. Пәннің негізінде қазіргі жаңа психологиялық, теориялық түсініктерді және классикалық теорияларды ғылыми талдау арқылы психология ғылымының зерттеу объектісі- психиканың табиғаты түсіндіріледі. Қазіргі қоғамда психологиялық білімнің рөлі жоғарылап, оның практикалық бағыттылығы күшейе түсуде.

Курстың мақсаты

Ойлаудың диалектикалық логикасын қалыптастыра отырып, психикалық дамудың жалпы заңдылықтарын білумен қатар, ғылыми психологиялық ойлау жүйесін дамытудың жолдарын меңгеру.

Курстың міндеттері:

- ғылыми психологиялық білім негіздерін қалыптастыру;
- жалпы психологиялық категориялар мен ұғымдар жүйесін оқып үйрену;
- тұлғаны іс-әрекет, таным, қарым-қатынас субъектісі ретінде зерттеу үшін психологиялық білімдерді ғылыми негізде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби білімдер мен білік, дағдыларды меңгерту;
- жоғары оқу орындарындағы психология пәнін оқыту әдістемесі жайлы ұғымдарын және оқу пәні ретіндегі психологияның құрылу принциптері жайлы, психологиялық пәндердің мазмұнын меңгеру тәсілдерін ұйымдастыру жайлы түсінік-ұғымдарын қалыптастыру;
- жоғары оқу орындарындағы психология пәнін оқытудың қазіргі жаңа әдістері мен технологияларын меңгерту.

I бөлім. Жоғары оқу орнындағы психология пәнін оқыту әдістемесі теориясы

Тақырып 1.1 Оқу әрекетінің сипаттамасы. Оқу әрекеті ерекше бір іс-әрекет ретінде. Білім алушы оқу әрекетінің субъектісі ретінде. Оқу әрекетінің мазмұны мен құрылымы. Оқу міндеттерінің ерекшеліктері. Оқу әрекеті құрылымындағы әрекеттер мен операциялар.

Тақырып 1.2 Оқу әрекетінің қалыптасуы. Ақыл-ой әрекеттерін сатылы қалыптастыру теориясы – (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина) оқыту үдерісін ұйымдастыру негізі ретінде. Психологияны оқыту әдістемесінде ақыл-ой әрекетін сатылы қалыптастыру теориясын жүзеге асыру. Әрекеттің бағдарлық негізі.

Тақырып 1.3 Білім алушылардың танымдық әрекетін белсенді етуге бағытталған оқыту үдерісін ұйымдастыру әдістерінің жүйесі ретіндегі проблемалы оқытудың табыстылығының мақсаты мен шарттары. Проблемалы оқытудың негізгі ұғымдары: проблема, проблемалық жағдаят, проблемалық міндет, проблемалық сұрақ, проблемалық тапсырма, оқыту принципі ретіндегі проблемалылық. Проблемалық оқытудың модификациялары.

II бөлім. Білім беру жүйесіндегі оқыту мен білім берудің теориясы

Тақырып 2.1 Психологиядағы оқыту теориясының ұғымы, әрекеттік тұрғыдан оқыту мәселесі. Оқытудың мәні, құрылымы және қозғаушы күштері. Оқытушы және білім беруші іс-әрекет.

Тақырып 2.2 Оқыту мен даму. Оқыту мен дамудың өзара қатыстылығы ретіндегі Л.С.Выготскийдің оқыту теориясы. Оқыту үдерісіндегі білімнің игерілуінің тиімділігі жағдайлары.

Тақырып 2.3 Отандық білім беру жүйесіндегі дамыта оқыту. Дамыта оқыту жүйесіндегі оқыту нәтижелерінің негізгі сипаттамалары. Психологияны оқыту әдістемесі үшін дамыта оқыту тұжырымдамасының маңызы.

III бөлім. Оқытудың белсенді әдістері

Тақырып 3.1 Белсенді оқыту әдістерінің психологиялық негіздері. Жоғары оқу орнындағы қазіргі тұжырымдамалар. Білім алушының белсенді танымдық іс-әрекеті оқытудың психологиялық теориясының негізі ретінде. Психологияны оқыту әдістемесіндегі психологиялық теориясының негізгі тұжырымдары.

Тақырып 3.2 Бағдарламалы оқыту әдістері. Ақыл-ой әрекеттерін сатылы қалыптастыру теориясы бағдарламалы оқытудың негізі ретінде. Бағдарламалы оқытудың әдістемелік шарттары. Әрекеттің бағдарлық негізінің схемасы. Оқу міндеттерінің түрлері: пәндік, логикалық және психологиялық.

Тақырып 3.3 Проблемалық оқыту әдістері. Проблемалық оқытудың мәні. Проблемалық оқытудың негізгі ұғымдарына сипаттама. Проблемалық жағдаяттарды құрудың психологиялық шарттары.

Тақырып 3.4 Интерактивті оқыту әдістері: эвристикалық әңгімелесу, пікірталас әдісі, «миға шабуыл», «дөңгелек үстел» әдісі, іскерлік ойын, практикалық жұмыстар конкурсы және оларды талқылау.

IV бөлім. Оқу сабақтарының түрлері және оларды өткізу әдістемесі

Тақырып 4.1 Лекциялық оқыту түрі. Лекцияның негізгі функциялары: ақпараттық, бағдарлаушы, түсіндіруші, сендіруші, әуестендіруші. Лекция материалын іріктеудің негізгі принциптері. Лекцияны даярлау және оқу әдістемесі. Лекция сапасының бағасы. Лекция материалын проблемалы баяндау.

Тақырып 4.2 Психология курсындағы практикалық және семинар сабақтары. Практикалық сабақтардың мақсаты, құрылымы. Семинар сабақтары, олардың міндеттері. Семинар сабақтарының баға критерийлері.

Тақырып 4.3 Лабораториялық сабақтарды жүргізудің әдістемелік талаптары. Пікірталасты басқарудағы оқытушының өз әрекетін құрылымды-логикалық басқару схемасы.

Тақырып 4.4 Теориялық және қолданбалы ғылым ретіндегі психологияның оқытылуы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Майерс Дэвид Г. Әлеуметтік психология : [оқулық] / Дэвид Г. Майерс, Жан М. Туенж ; ред. М. М. Тәжин ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т. б.]. - 12-басылым. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 648 б. - (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)
2. Жарықбаев Қ.Б. Ортағасырлық қазақ психологиясының тарихы (әл-Фараби, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қыдырғали Жалайри еңбектерінен үзінділер) : хрестоматиялық құрал / Қ. Б. Жарықбаев. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2004. - 64 б.
3. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: оқулық / А.Р. Ерментаева. - Алматы : Дәуір, 2012. - 491 б.
4. Бурдина Е.И., Булекбаева С.Е. Жоғары мектеп психологиясы: Магистранттарға арналған оқу құралы/ Е.И.Бурдина,С.Е.Булекбаева – Павлодар:Кереку, 2010. – 176 б.
5. Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 б.
6. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 286 б.
7. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. Оқу құралы. – Қарағанды, ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012. – 206 б.
8. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440 б.
9. Мұқанов Ы.Б. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1991. – 237 б.
10. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. Оқу құралы. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012. – 186 б.
11. Жақыпов С.М., Бердібаева С.Қ. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Таймас Баспа Үйі: Алматы, 2015
12. Маслоу А. Мотивация и личность. Москва, 1998. – 467 с.
13. Леонтьев А. А. Потребности, мотивы, эмоции. Конспект лекций. – Москва: Издательство МГУ, 1999.
14. Маслоу А. Мотивация и личность. – 3-е изд. – СПб.: Питер, 2003. – 352 с. – (Серия «Мастера психологии»)Байтурсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы: дис. канд. пед. наук: 13.00.03. – Алматы, 2010.

15. Абрамова Г.С. Практическая психология: учебное пособие / Г. С. Абрамова. - Москва : Прометей, 2018. - 538 с.
16. Авдулова Т.П. Возрастная психология: учебное пособие / [Т. П. Авдулова и др.]. - Москва: Академия, 2014. - 329 с.
17. Аминов, И. И. Юридическая психология: учебное пособие / И. И. Аминов. - Москва: Юнити-Дана, 2014. - 270 с.
18. Андронникова О.О. Гендерная дифференциация в психологии: учебное пособие / О.О. Андронникова. - Москва: Вузовский учебник: Инфра-М, 2017. - 262 с.
19. Вайнштейн Л.А. Психология управления: учебное пособие / Л. А. Вайнштейн, И. В. Гулис. - Минск : Вышэйшая школа, 2018. - 382 с.
20. Веракса Н.Е. Детская психология: учебник / Н. Е. Веракса, А. Н. Веракса. - Москва: Юрайт, 2014. - 445 с.
21. Виноградова С.М. Психология массовой коммуникации: учебник / С. М. Виноградова, Г.С. Мельник. - Москва: Юрайт, 2014. - 512 с.
22. Гримак Л.П. Психология активности человека: психологические механизмы и приемы саморегуляции / Л. П. Гримак. - Москва : URSS, Либроком, 2018. - 366 с.
23. Гришина Н. Психология конфликта: учебное пособие / Наталия Гришина. - Санкт-Петербург [и др.]: Питер, Питер пресс, 2018. - 574 с.
24. Гуревич П. С. Психология и педагогика: учебник / П. С. Гуревич. - Москва: Юрайт, 2014. - 478 с.
25. Гуревич П. С. Психология: учебник / П. С. Гуревич. - Москва: Инфра-М, 2015. - 330 с.
26. Караванова Л. Ж. Психология: учебное пособие / Л. Ж. Караванова. - Москва: Дашков и К°, 2014. - 263 с.
27. Корягина Н. А. Социальная психология. Теория и практика: учебник / Н. А. Корягина, Е. В. Михайлова. - Москва: Юрайт, 2014. - 491 с.
28. Маклаков А.Г. Общая психология: учебное пособие для студентов вузов и слушателей курсов психологических дисциплин / А. Г. Маклаков. - Санкт-Петербург [и др.] : Питер, Питер Пресс, 2017. - 582 с.
29. Медведская Е.И. Дипломные работы по психологии: подготовка, оформление, защита: учебно-методическое пособие / Е. И. Медведская. - Брест: БрГУ, 2014. - 76 с.
30. Ножкина, Т.В. Общая психология: курс лекций / Т. В. Ножкина. - Москва : Т8RUGRAM, Научная книга, 2017. - 381 с.
31. Нартова-Бочавер С.К. Дифференциальная психология: учебное пособие / С. К. Нартова-Бочавер. - Москва: Флинта: МПСУ, 2015. - 280 с.
32. Немов, Р. С. Психология: учебник / Р. С. Немов. - Москва: КноРус, 2014. - 718 с.
33. Психология развития / Грэйс Крайг, Дон Бокум. - 9-е изд. - Санкт-Петербург [и др.] : Питер, Питер Пресс, 2018. - 939 с.
34. Рамендик Д.М. Общая психология и психологический практикум: учебник / Д. М. Рамендик. - Москва: Юрайт, 2016. - 303 с.
35. Станиславская И.Г. Психология: основные отрасли: учебное пособие / И. Г. Станиславская И. Г. Малкина-Пых. - Москва: Человек, 2014. - 322 с.
36. Чалдини, Р. Психология влияния: [перевод с английского] / Роберт Чалдини. - 5-е изд. - Санкт-Петербург [и др.] : Питер, Прогресс книга, 2018. - 475 с.
37. Шестопап Е.Б. Политическая психология: учебник / Е. Б. Шестопап. - 5-е изд., переработанное и дополненное. - Москва : Аспект Пресс, 2018. - 365 с.
38. Майерс Д. Элеуметтік психология.12-басылым. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. - 688 б.
39. Уоллейс П. Интернет психологиясы - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. - 392 б.
40. Компернолле Т. Мозг освобожденный: Как предотвратить перегрузки и использовать свой потенциал на полную мощь= Brain Chains: Discover your brain and

unleash its full potential in a hyperconnected, multitasking world / Пер. с англ. - Москва : Альпина Паблишер, 2015. - 571 с.

41. Дуэйн және Сидней Шульц «Қазіргі психология тарихы» 11-басылым. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 - 225 б.

8D01303-БАСТАУЫШ ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ БББ БОЙЫНША ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ЖАЛПЫ СҰРАҚТАР

1. Жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері.
2. Қазіргі кезеңдегі жоғары білімнің даму тенденциялары және негізгі бағыттары.
3. ҚР білім беру саясаты.
4. Қазақстандағы жоғары мектептің дамуы және қалыптасуының негізгі кезеңдері.
5. Педагогика ғылымы және оның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны.
6. ЖОО-ғы педагогикалық жүйенің түрлері.
7. Қазақстан педагог-ғалымдарының жоғары мектеп педагогикасының дамуына қосқан үлесі.
8. Педагогикалық тәжірибе және оның рөлі. Жоғары мектеп оқытушысының тұлғасы және оның біліктілігіне қойылатын талаптар.
9. Жоғары мектеп оқытушысының коммуникативтік құзыреттілігі.
10. Педагогтің кәсіби-зерттеушілік мәдениеті.
11. Жоғары мектептегі оқыту үдерісінің құрылымы мен негізгі компоненттері.
12. Жоғары мектептегі оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері.
13. Жоғары білім беру мазмұнының негізгі компоненттері.
14. Білім беру мазмұнын қалыптастырудағы негізгі теориялар.
15. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және оның атқаратын қызметі.
16. Жоғары мектептегі оқыту үрдісін ұйымдастыру.
17. Білім беру мазмұнын айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттар.
18. Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі әдістері мен түрлері.
19. Болашақ мамандарды даярлаудағы белсенді оқыту әдістері мен түрлері.
20. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының мәні мен бағыттары.
21. Аудиториялық сабақтардың түрлері, олардың ерекшеліктері мен құрылысы.
22. Дербес әдістемелік пәндерден өткізілетін аудиториялық сабақтарды жоспарлау, дайындау және талдау (түрлері, құрылысы).
23. Дербес әдістемелік пәндерден жүргізілетін аудиториялық сабақтардың мазмұны (бағдарлама, оқулықтар және кешендерді талдау).
24. Студенттердің дербес әдістемелік пәндерден алған білім, білік, дағдыларын кредиттік оқу жүйесі бойынша бақылаудың түрлері, формалары.
25. Студенттердің білім, білік, дағдыларына қойылатын бағдарламалық талаптарды талдау.
26. Дербес әдістемелік пәндерден силлабустар, жұмыс оқу бағдарламаларын дайындау.
27. Аудиториялық сабақтарға қойылатын қазіргі талаптар.
28. Жоғары оқу орнында оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формалары.
29. Дербес әдістемелік пәндердің педагогика, психологиямен байланысы.
30. Дербес әдістемелік пәндердің базалық білім мазмұнына сипаттама
31. Дербес әдістемелік пәндердің Қазақстандағы даму тарихы
32. Дербес әдістемелік пәндер бакалавриаттағы оқу пәндері ретінде.
33. Дербес әдістемелік пәндерді оқыту курсының мақсаты мен міндеттері.
34. Дербес әдістемелік пәндерден орындалатын дипломдық жұмыстарға қойылатын талаптар.
35. Дербес әдістемелік пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларының мақсаты, мазмұны.

36. 6B01303 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартының, мақсаты, міндеттері, мазмұны.
37. Кредиттік оқу жүйесі бойынша студенттердің білім, білік, дағдыларын тексеру және бағалау.
38. Мультимедиа технологиясы, модульдік оқыту технологиясы бастауыш сынып жүйесінде.
39. Дербес әдістемелік пәндерден аудиториялық сабақтарды дайындау әдістемесі
40. «Дербес әдістемелік пәндерді оқытудың ғылыми-теориялық негіздері» пәнінің мақсаты мен міндеттері.
41. Ғылыми – зерттеу жұмыстарының негізгі компоненттері
42. «Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» пәнінің әдіснамалық негіздері
43. Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру пәнінің басқа ғылымдармен байланысы.
44. Бақылау экспериментін ұйымдастыру әдістемесі
45. Бақылау экспериментін жүргізу жолдары
46. Ғылыми жұмысты жазу мен безендірудің ерекшеліктері: реферат, мақала, ғылыми есеп, курстық және дипломдық жұмыс.
47. Зерттеу қорытындысын өңдеу және ғылыми жұмысты безендіру.
48. Зерттеу қорытындысының практикаға енуі- педагогикалық іс-тәжірибе жұмысының соңғы кезеңіндегі негізгі элемент.
49. Педагогикалық зерттеу қорытындыларының оқу практикасымен тәрбиеге ендірілуі.
50. Математикалық статистикалық әдіс
51. Педагогикалық құбылыстардың сандық және сапалық бірлігі
52. Социологиялық әдістер: сауалнама, сұхбат, бағалау компоненті, өзара қарым-қатынас әдісі.
53. Педагогикадағы социологиялық және статистикалық зерттеу әдістері
54. Педагогикалық тәжірибе және оның рөлі.
55. Тарихи педагогикалық зерттеу әдістері.
56. Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау әдісі.
57. Теориялық зерттеу әдісінің мазмұны.
58. Педагогикалық зерттеудің теориялық әдістері.
59. Педагогикалық зерттеудің ұғымдық аппараты және логикалық құрылымы.
60. Педагогикалық зерттеудің методологиялық негізі.